



Ойын арқылы оқыту

технологиясы



Үрдіс ретіндегі ойын күршіліміна:

Ойнаушының өзіне тандаған рөлдері;

Сол рөлдерді іске асыру құралы ретіндегі ойын элементтері;

Нәрселердің ойындық қолданылуы, яғни шынайы нәрселердің шартты түрде не ойын түріне ауыстырылуы;

Ойнаушылар арасындағы шынайы қарым-қатынастар;

Сюжет (мазмұн) – ойын барысында шартты түрде алынатын шындық саласы.

Тек қана нәтижесінен ғана емес, әрекет үрдісінің өзінен де ләzzат алу үшін баланың тілегімен ғана қабылданатын, еркін дамытушы әрекет (әрекеттік (процедуралық) ләzzат)

Елеулі мөлшерде суырып салмалық, шығармашылық, осы әрекеттің белсенді сипаты («шығармашылық аясы»).

Әрекеттің эмоциялды көтеріңкілігі, бәсекелестік, жарыс («эмоционалдық қуат»).

Ойын мазмұнын, оның дамуын логикалық және мерзімдік, уақыт түрғысынан бейнелейтін тікелей және жаңа ережелердің болуы.

Ойындық әрекет бағдарламасын зерттеген ғалымдар пікірінше ойын педагогикалық мәдениет феномені ретінде төмендегідей қызметтерді атқарады:

Әлеуметтендіру қызметі. Өйткені, ойын – баланы күшті қоғамдық қатынастар жүйесіне енгізу және оған мәдениет байлығын игерту құралы.

Ойынның диагностикалық қызметі педагогқа баланың әр қырынан: интеллектуалдық, шығармашылық, эмоционалдық және т.б. көрінуін диагностикалауға мүмкіндік береді.

Ұлтаралық қатынас құралы қызметі. Себебі, ойын – балаға жалпы адамзаттық құндылықтарды, түрлі ұлт өкілдерінің мәдениетін игеруге мүмкіндік туғызады

Ойынның емдік қызметі – баланың қарым-қатынаста, оқуда, мінез-құлқында туындастын әр түрлі қызындықтарды жеңу құралы ретінде қолданылуымен түсініледі.

Ойында бала «адамзат тәжіриbesі аясында» өзін-өзі көрсету қызметін көрсетеді. Өйткені, ойын бір жағынан баланың практикада өмірлік нақты қызындықтарды жою жобасын тексеруге және құруға мүмкіндік берсе, екінші жағынан тәжірибесінің олқы тұстарын айқындауға мүмкіндік береді

Ойынның түзеу қызметі деп – баланың тұлғалық құрылымының көрсеткішіне жағымды өзгерістер, толықтырулар енгізу түсініледі. Ойын әрекетінде бұл үрдіс басқа кездегіден гөрі неғұрлым жұмсақ өтеді.

Ойынның қатысымдық қызметін – балаға шынайы күрделі адамдық қатысым аясына енуге мүмкіндік беретін дерегі айқын көрсетеді.

Ойынның дамытушылық қызметі, оның ең маңызды қызметтерінің бірі.

Белгілі педагог ғалым Г.К.Селевко педагогикалық ойындарды төмендегідей жіктейді:

Әрекет саласына қарай:

дене; интеллектуалдық; еңбек; әлеуметтік; психологиялық;

Педагогикалық үрдіс сипатына қарай:

білімділік, тренингтік, бақылаушылық, қорытындылау; танымдық, тәрбиелік, дамытушылық; қатысымдық, диагностикалық, кәсіптік бағдарлық, психотехникалық.

Ойын әдістемесіне қарай:

пәндік; сюжеттік; рөлдік; іскерлік; имитациялық; драмалық;

Пәндік саласына қарай:

математикалық, химиялық, биологиялық, физикалық, экологиялық; музикалық, театрлық, әдеби; еңбек, техникалық, өндірістік; дене шынықтыру, спорттық, әскери-қолданбалы, туристік, халықтық; қоғамтану, басқарушылық, экономикалық, коммерциялық

Ойнау ортасына қарай:

нәрселік-нәрсесіз; үстел үстінде, бөлмеде, көшеде ойналатын, жергілікті; компьютерлік, теледидарлық, ОТК; техникалық қозғалыс құралдарымен ойналатын ойындар деп жіктеледі

Баланың танымдық
белсенділігін,
интеллектісін
дамыттын
оыйндардың бірнеше
тобы ба. Олар ➤

1-ші топ – заттық оыйндар – ойыншықтар мен заттар арқылы жүзеге асады.

*Ойыншықтар мен заттар арқылы балалар түрді, тұсті, көлемді, материалдарды, адамдар мен жануарлар әлемін, олардың арасындағы қарым-қатынастарды т. б. зерттеп таниды.

2-ші топ – шығармашылық, сюжеттік-рөлдік оыйндар.

*Мұнда сюжет – интеллектуалдық іс-әрекеттің формасы. Саяхат оыйндары. Бұған кітаптар, карталар, документтер бойынша жасалатын географиялық, тарихи, өлкетанушылық, ізшілер т.б. саяхаттар жатады.

3-ші топ – дайын ережелері бар оыйндар.

*Бұл оыйндар, әдетте, оқушыдан жұмбақты шеше білуді, тарқата білуді, болжай білуді, ең бастысы – пәнді білуді талап етеді.

4-ші топ – еңбек, техникалық, конструкторлық, құрылым оыйндары.

* Бұл оыйндар ересектердің кәсіби қызметтерін бейнелейді. Бұл оыйндардың барысында оқушылар өз жұмысын жоспарлауға, керекті материалдарды жинақтауға, өзінің және басқалардың жұмысына сын көзben қарауға, шығармашылық міндеттерді тез және дұрыс шеше білуге үйренеді. Еңбек белсенділігі таным белсенділігіне ұштасады.

5-ші топ – баланың психикалық сферасына әсер етуге негізделген жаттығу оыйндары, тренингтер.

*Өзара жарысқа негізделген бұл оыйндар ойнаушы балаларға салыстырмалы түрде өздерінің дайындық, жаттығу деңгейін аңғартып, одан әрі жетілдіру жолдарын көрсетеді.